

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

06



Қазақстан Іскер әйелдер қауымдастығының 30 жылдығы аясында кәсіби қызметі мен қоғамдық белсенділігі және Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі, әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудағы белсенді ұстанымы, қолайлы іскерлік ортаны қалыптастыруға және орнықты экономикалық үдерістерді нығайтуға атсалысқаны үшін колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна Жамбыл облысы әкімінің орынбасары облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясатының Алғыс хатымен марапатталды.

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының үгіт-насихат жұмыстарына белсене ат салысқаны және азаматтық ұстанымы үшін, елдігіміздің іргесін бекемдей түсетін айшықты оқиғаның алғы шебінде жүріп, мемлекетіміздің болашағы жолында тарихи таңдау жасауға зор үлес қосып, еліміздің тұрақты дамуына, өскелең ұрпақтың келешегіне бағытталған Конституцияның мән-маңызын халыққа кеңінен түсіндіруге қосқан еңбегі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна Алғыс хатпен марапатталды. Құттықтаймыз!



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының колледж студенттері арасында волейболдан (қыздар) облыстық ұлттық лигасы өтті.

Жарыс қортындысы бойынша:

- 1 орын – Жамбыл жоғары медициналық колледжі командасы;
 - 2 орын – Тараз Парасат колледжі командасы;
 - 3 орын – Абай атындағы педколледжі командасы;
- Жетекшісі: Бейшенев С.С.



«Омбы Мемлекеттік Медициналық университеті» ұйымдастыруымен өткізілген «Заманауи педагогтың шығармашылық шеберханасы» атты оқу-әдістемелік жинақтардың Бүкілресейлік халықаралық байқауына директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т., оқу әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мейрманова Л.К., орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушылары Бейсенбаева А.О., Бердалиева Э.Б. қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Омбы Мемлекеттік Медициналық университеті» ұйымдастыруымен өткізілген «Заманауи педагогтың шығармашылық шеберханасы» атты оқу-әдістемелік жинақтардың Бүкілресейлік халықаралық байқауына №1 Арнайы пәндер оқытушысы Бешли Оғлы Х.Б. қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.



«Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» КМК ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша студенттер арасында пациенттерді оқыту дағдылары бойынша республикалық байқауына 308 М-9/23 топ студенті Қошқул Аязқоз қатысып, III дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Бейсенбек Ш.Ж.

27.03.2026 ж. М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің филология және әлеуметтік ғылымдар факультеті «Практикалық шетел тілдері» кафедрасының «Полиглот» студенттік ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен облыстық «English art, literature and language» интеллектуалды ойынына Жамбыл жоғары медициналық колледжінен 109 М-9/25 тобының студенті Сакенқызы Роза қатысып, жүлделі III орынды иеленді. Жетекшісі: Кырықбаева Б.А.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

01
ӘДЕБИ КЕШ
«Жыр алыбы-Жамбыл»
атты әдеби кеш.

02
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ
Тәрбие сағаты, кездесу.

03
ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ
Жас мамандар мектебінің кезекті отырысы.

05
НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ
Наурыз мерекесіне орай мерекелік іс-шара.

07
КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ
Айлық-ақпараттық газеті

04
АШЫҚ САБАҚ
Колледж оқытушыларының наурыз айында өткізген ашық сабақтар.

06
ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістіктері

08
КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ
Айлық-ақпараттық газеті



ӘДЕБИ КЕШ

01

03.03.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Ж.Жабаевтың 180 жылдығына орай «Жыр алыбы Жамбыл» атты әдеби кеш өткізілді. Сәкен Сейфуллин -

Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру - біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Жамбыл - жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Мақсаты: ақынның өмірі мен шығармашылығын кеңінен таныстыру. Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге ұғындыру. Әдеби кеште ақынның өлеңдері оқылып, ән мен күй айтылды және көрініс көрсетілді. Қызыл жолбарыс драмасынан үзінді көрсетілді. Ұйымдастырушылар: кітапхана қызметкерлері

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ

02

6.03.2026 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай колледж оқытушылары Бердалиева Э.Б. Айманбетова Н.А., Батанова А.Е., Дидарбекова М.Қ. кураторлық топтарымен «Ана, бәрі де сенен басталады» тақырыбында куратор сағатын өткізді. Мақсаты: студенттерге 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні туралы түсінік беру, ананы, әжені, әпке-қарындасты құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Әйел адамның қоғамдағы, отбасыдағы орнын түсіндіру арқылы студенттердің адамгершілік қасиеттерін, мейірімділік пен ізеттілігін қалыптастыру.



31.03.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Туберкулезге қарсы күрес айлығына орай, №2 циклдік әдістемелік комиссиясы ұйымдастыруымен 137Ф-11/25 топ студенттерімен «Туберкулезге қарсы күрес, денсаулық зор байлық» тақырыбында дөңгелек үстелде маманмен кездесу өткізілді. Арнайы шақыртумен келген маман Жамбыл облыстық

психикалық денсаулық орталығының әлеуметтік қызметкері А.А. Абдыкалыкова студенттерге салауатты өмір салтын ұстану, зиянды әрекеттердің алдын алу, психоактивті заттардың зияны туралы ақпарат берді. Кездесудің мақсаты: студенттерді туберкулездің, алкогольдің және психоактивті заттардың зияны туралы хабардар ету, алдын алу жолдарын түсіндіру, денсаулық сақтауға ынталандыру. Жауапты: №2 жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушылары Әтібек А.Б., Әділ А.Б., Сейтқұл А.Ж.



ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ

03



12.03.2026 ж. Әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Цифрлы дәуірдегі жас маман» тақырыбындағы жас мамандар мектебінің отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Оқытушылардың іс тәжірибесінен «Ағылшын тілі» пәні бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық). Жауапты: Кенбаева А.М.
2. Сабақты жандандыру жолы: ЖИ арқылы оқыту әдістерін түрлендіру бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық). Жауапты: Бейсенбек Ш.Ж.
3. Статя жазу үлгісі. Жауапты: Коконбаева А.К.
4. Психологиялық тренинг. Жауапты: Сүйінбекұлы К.

Отырыс барысында «Білімгерді сеніммен жетелейтін оқытушы: мотивация мен қолдаудың рөлі» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында түрлі психологиялық жаттығулар, топтық тапсырмалар және интерактивті ойындар ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытты. Тренингте студенттермен тиімді қарым-қатынас орнату, олардың оқу мотивациясын арттыруда оқытушының психологиялық қолдауының маңызын түсіндіру, сондай-ақ жас мамандарға кәсіби қолдау көрсету бойынша түрлі жаттығулар орындалды. Тренингке Жамбыл облысы білім басқармасының «Психологиялық қолдау орталығының» әдіскері Керимкулова К.С. келіп қатысты. Қолдау көрсетудің педагогикалық және психологиялық қырларын қарастырды; тәжірибе алмасып, кәсіби шеберліктерін жетілдірді.



АШЫҚ САБАҚ

04



205М-9/24 тобымен «Эндокриндік жүйенің анатомиясы және физиологиясы» тақырыбында сынамалы ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: ішкі, сыртқы және аралас бездердің орналасуын, гормондардың қасиеттері мен әсер ету механизмін, бездердің қалыпты жұмысының бұзылуларының салдарын және аурулардың алдын алу шараларын білу. Сабақты «Ai Dreamface» бағдарламасы арқылы қорытындылады.

11.03.2026 ж. №1 Жалпы кәсіптік пәндер оқытушысы А.Н. Нұрмаханбетова анатомия және физиология пәнінен «Мейіргер ісі» бөлімі



«Аса қатерлі жұқпалар. Оба. Туляремия» тақырыбында тәжірибелік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге оба және туляремия ауруларының этиологиясы, патогенезі, эпидемиологиясы, клиникалық белгілері, зертханалық диагностикасы, емдеу шаралары, профилактикасы және күтімі туралы түсіндіру. Аса қатерлі жұқпалар кезінде обаға қарсы көп реттік костюмді киіп-шешу техникасын орындауды үйрету, клиникалық ойлау қабілеті мен тәжірибелік дағдыларын дамыту, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.



НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

05

14-20.03.2026 ж. аралығында Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына байланысты іс-шаралар өткізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен бекітілген «Наурызнама» онкүндігін жауапты бөлімдер ұйымдастырды, он күндік мерекелік іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, жоғары деңгейде өткізді. Бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналды.



21.03.2026 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы мен Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен №7 киіз үй «Денсаулық – зор байлық» тақырыбында Наурыз мерекесіне орай мерекелік іс-шара өткізді. Киіз үй – қазақ халқының дәстүрлі баспанасы ғана емес, ұлттық құндылықтар мен тәрбие ордасы. «Денсаулық – зор байлық» тақырыбын заманауи тәсілмен түсіндіру үшін жасанды интеллект мүмкіндіктері қолданылды. Жасанды интеллект арқылы денсаулықтың маңызы, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты туралы ақпараттар қызықты әрі түсінікті түрде ұсынылды. Жасанды интеллектке негізделген қосымшалар арқылы киіз үй ішінде VR/AR, Ақылды веб-сайт, 3D көзілдіргі, роботтар, 3D принтерлер қолданылды. Ақылды веб-сайт (чат-бот) сұрақ қойып, жедел жауап алады, денсаулыққа қатысты кеңестер айтылды, 3D адам ағзасын VR арқылы зерттеу, көру жасанды интеллект әр адамның жас ерекшелігіне қарай жеке ұсыныстар берілді. 3D принтерлер арқылы медицинада, анатомиялық модельдер жасау және адамның мүшелерінің дәл көшірмесін жасауға болады: Жүрек, ми, сүйектер, бұлшықеттер, науқастың нақты КТ немесе МРТ



деректерінен алынған модельдер, анатомияны тереңірек түсінуге көмектеседі. Робот медицинада адам өмірін сақтауда және емдеуді жақсартуда үлкен рөл атқарады. Киіз үй маңында №7 Қалалық емхана мейіргерлері қала тұрғындарына алғашқы көмек шараларын ұсынды.